

ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 82 (9144) | 1953 жылғы 22 апрель Сәрсенбі | Шығуына 34 жыл жеке саны 20 тыйын.

Егіншілер арасындағы мәдени-ағарту жұмыстары

Облысымыздың колхоз, совхоздарында көктемгі дала жұмыстары барған сайын өрістей түсуде. Колхозшылар мен МТС, совхоз жұмысшылары СОКН XIX съезі ауыл шаруашылығының алдына қойған басты міндеттерді мүлтіксіз орындау, егіннен мол өнім алу жолындағы күрестің шешуші кезеңі—көктемгі егіс жұмыстарын агротехникалық мерзімдерде, сапалы аяқтау жолындағы жарысқа ұштасуда.

Көктемгі дала жұмыстарында жүрген колхозшылар арасындағы социалистік жарысты оған әрі өрістетуде, оларды мәдениетті қамтуда, барлық күш-мүмкіншілікті егіс жұмыстарын ойдағыдай жүргізуге жұмылдыруда ауыл-селолық мәдени-ағарту мекемелері жергілікті партия, совет ұйымдарына зор көмек көрсете алады. Сондықтан аудандық мәдениет үйлері, жұмысшылар және колхозшылар клубтары, ауыл-селолық кітапханалар мен оқу үйлері, қызыл мүйіздер көктемгі егіс жұмыстары кезінде өздерінің жұмысын тікелей бригадаларға, дала қостарына көшіріп, егіншілер арасындағы мәдени-ағарту, саяси-бұқаралық жұмыстарының идеялық жоғары дәрежеде жүргізілуін қамтамасыз етулері қажет.

Газетіміздің бүгінгі санында облысымыздағы алдыңғы қатарлы мәдени-ағарту мекемелері қызметкерлеріне сөз беріліп отыр. Егіс жұмыстары кезінде мәдени-бұқаралық жұмыстардың жоспарлы түрде, идеялық жоғары дәрежеде жүргізілуінің зор маңызы бар екендігін ескеріп отырып, бірқатар аудандық мәдени-ағарту мекемелері, мәдениет үйлері, клубтар, ауыл-селолық кітапханалар мен оқу үйлері егіншілерді мәдениетті қамтуға алдын-ала әзірленді.

Мәселен, Копюхов аудандық мәдени-ағарту бөлімі көктемгі дала жұмыстарында жүрген егіншілер мен механизаторларды мәдениетті қамту жөнінде арнаулы жоспар жасады. Аудандық мәдениет үйі жанынан арнаулы мәдени-үгіт бригадасы ұйымдастырылып, оның құрамына лекторлар, байдамашылар және көркем-

Облысымыздың барлық колхоз, совхоздарында егіншілерді мәдениетті қамту қарастырылып отыр. Егіншілерді киномен қамту жөнінде де бірқатар шаралар белгіленді. Көктемгі егіс науқаны кезінде мемлекеттік 89 киноустановка, 25 жылжымалы кино жұмыс істейді. Жылжымалы кинолардың бір бөлегі жылжымалы үгіт бригадасы ретінде пайдаланылады. Әрбір бригадасы МТС пен колхоз, совхозда кинофильмдерді жоспарлы түрде көрсету қарастырылды.

Алайда, бірқатар мәдени-ағарту мекемелері өздерінің жұмысын көктемгі егіс науқанының деркесінде, сапалы аяқтауды қамтамасыз етуде жергілікті партия, совет ұйымдарына көмектесуге бағыттап ұйымдастыра алмай отыр. Мұндайлардың қатарына Мамлют ауданындағы Становой, Ново-Дубровное, Копюхов ауданындағы Лебяжье селолық клубтары қосыла алады. Аталған клубтардың басшылары барлық колхозшыларды, әсіресе, дала және трактор бригадаларындағы колхозшыларды мәдениетті қамтуға, олардың мәдени және рухани тілегін тынғылықты өтеуге жете мән бермей келеді.

Ауыл-селолардағы мәдени-ағарту мекемелері еңбекшілерді коммунистік рухта тәрбиелеудің, саяси-идеялық жұмыстардың және мәдениеттің орталығы болып саналады. Сондықтан жергілікті партия, совет ұйымдары мәдени-ағарту мекемелері қызметкерлерінің жұмысын үнемі бақылап, барлық мәдени-ағарту, саяси-бұқаралық жұмыстарды алда тұрған шаруашылық міндеттермен ұштастыра жүргізуде оларға көмектесіп отырулары керек.

Мәдени-ағарту мекемелерінің атқаратын жұмысы алуан түрлі. Олар советтік озыт биология ғылымын, алдыңғы қатарлы егін және мал өсірушілердің озыт тәжірибелерін колхозшылар арасында кеңінен насихаттаумен бірге, оларды еңбекке және қоғамдық меншікке коммунистік көзқараста тәрбиелеуде, жергілікті партия ұйымдарының шын мәніндегі көмекшісі болулары тиіс.

Көктемгі бір күн—жылға азық

Мол өнім жолындағы күрес

Преснов ауданының алдыңғы қатарлы колхоздары көктемгі дала жұмыстарын қызу қарқынмен жүргізуде. «Новый свет» колхозының егіншілері дала жұмыстарына ауданда бірінші болып кіріскен болатын. Мұнда трактор бригадасы жер тырмалауды тынғылықты жүргізіп келеді. Пар мен зябты тырмалауда механизаторлар алғашқы сменалардың өзінде-ақ жоғары көрсеткіштерге жетісті.

Бұл колхозда 207 гектар пар мен зябты тырмалады. Жер тырмалауда тракторшы С. Родионов жолдас өнімді егбегімен көзге түсті. Ол өзі жүргізетін «С—80» тракторы мен алғашқы екі сменада 160 гектар жер тырмалап, тағайындалған норманы артығымен орындады.

Осымен бірге, егіншілер дәнді дақылдар себуі де қызу қолға алды. Алғашқы күні мұнда 27 гектар жерге бидай дақыл себілді.

Көктемгі дала жұмыстары осы ауданның Сталин атындағы, «Победа» колхоздарында да басталды. Бұларда пар мен зябты тез және сапалы тырмаланып, егістік алаңа ылғал мол жабылуда.

Сталин атындағы колхозда егіс жұмыстары түгелдей механизация күшімен атқарылуда. Мұнда № 1 және № 2 трактор бригадалары дала жұмыстарына бір мезгілде кіріскен. Олар жер тырмалау және тұқым себу жұмыстарын бір-бірімен ұштастыра жүргізіп келеді. Тракторшылар жер тырмалауда да, тұқым себуда да күндік норманы толық және артығымен орындап жүр. Соның нәтижесінде мұнда аз уақыттың ішінде 541 гектар жер тырмаланды. 109 гектар жерге бидай дақыл себілді.

Б. КЕНЖЕҒҰЛОВ.

Киров атындағы колхозда

Киров атындағы колхоздың (Соколов ауданы) колхозшылары быйыл дәнді да-

Мәдени-ағарту мекемелері көктемгі егіс науқаны кезінде өзінің бүкіл жұмысын облыс егіншілерін барлық егіс көлемінен мол және тұрақты өнім алу жолындағы игі күреске жұмылдыру міндетіне бағындырулары керек.

Екі бригаданың ынтымағы

Совет МТС-нің Любесток жолдас басқарған трактор бригадасы өткен жылы Ленин атындағы колхоздың егіс даласында жұмыс істеді. Механизаторлар жерді дұрыс жұмыстап, егіннен мол өнім алуды қамтамасыз етті. Бригада трактор жұмыстарының жылдық жоспарын артығымен орындады, 5 мың килограмдай жанар, жанар майын үнемдеді.

Партияның XIX съезінің бесінші бесжылдық жоспар жөніндегі директиваларында әрбір трактордың күндік жұмыс өнімділігін 50 процентке дейін арттыру көзделген. Міне, осының негізінде бригада мүшелері быйыл әрбір 15 аттық күші бар трактормен жұмсақ жерге айналдырғанда 800 гектар жер жұмыстауға міндеттеме алды. Бұл міндеттемені аброймен орындау оңайға түспейді. Ол үшін тракторлардың қуатын дұрыс пайдалану, тракторлардың жұмысын сағаттық график, стахановтық маршрут бойынша ұйымдастыру, оның босқа тұруын болдырмау, егіс бригадасымен жұмысты ынтымақтасып істеу керек.

Механизаторлар тракторлардың қуатының саржа пайдаланылуын қамтамасыз етуге бағытталған бірқатар шараларды жүзеге асырды. Еналдымен бригадада тиісті тракторлар мен тіркеу саймандары сапалы жөндеуден өтпек. Әрбір трактор электр жарығымен қамтамасыз етілген және басқа да қажетті аспаптармен жабдықталған. Егіс кезінде бригада жұмысты екі сменада істейді.

Көктемгі егістің алғашқы күндерінен бастап, бригада күнбе-күнгі жұмыста стахановтық маршрутты қолданады. Жұмысты сағаттық графикпен істейді. Трактор бригадасының бригадирі Любесток жолдас тракторлармен қай мерзімде, қай участкаға қандай жұмыстар атқарылатыны жөнінде егіс бригадаларымен осы күннен бөлісіп қойған. Ал, егіс бригадасы тракторлардың үздіксіз өнімді жұмыс істеуіне

нақты көмектесу мақсатымен трактор бригадасына күш-көлікті тіркеушілерді, су, жанар, жанар майын тасушыларды және басқа да адамдарды жеткілікті бөлген. Олар осы бригадада бүкіл егіс бойына тұрақты жұмыс істейді.

Тракторларды өнімді пайдалану үшін оларға жанар және жанар майын құю, сеялқаларға тұқым салу және техникалық күтім жасау жұмыстарын тездетіп істеу, оған керекті уақытты азайту көзделіп отыр. Өткен жылы тракторларға, су, жанар май құю бір жерде ғана ұйымдастырылған еді. Быйыл әрбір тракторға су, жанар майы жұмыс істеп жүрген жерінде құйылады. Өндіріс бригадалары сеялқаларға тұқымды трактор жүріп бара жатқанда салуды ұйымдастырады.

Егістің агротехникалық қолайлы мерзімде өткізілуі еңбек өнімділігінің үздіксіз арттырылуына тығыз байланысты. Бригада егіс кезінде екі сменада жұмыс істейді. Мұның барлығы тракторлардың қуатының толық пайдаланылуын, еңбек өнімділігінің еселеп арттырылуын қамтамасыз етпек.

Трактор бригадасының да, егіс бригадасының да мақсаты біреу. Ол—көктемгі ауылшаруашылық жұмыстарын агротехникалық жоғары дәрежеде өткізіп, бүкіл егіс көлемінен мол өнім алу. Міне, сондықтан да Любесток жолдас басқарған трактор бригадасы мен Данилов жолдас басқарған өндіріс бригадасы егіс кезінде зор ынтымақпен жұмыс істеп, көктемгі дала жұмыстарын 7 күннің ішінде толық аяқтауға міндеттеніп отыр.

Бәзір екі бригадада көктемгі дала жұмыстары қызу қарқынмен басталды. Олар өзара ынтымақты күшейте отырып, егіс жұмыстарын қысқа мерзімде өткізу жөніндегі алған міндеттемелерін сөзсіз орындап шығады.

Т. КӘДІРОВ.

Май мерекесіне тартулар

Алған міндеттемені орындау күресі

Шағын двигательдер зауытының аспаптар цехының жұмысшылары мен инженер-техник қызметкерлері Май мерекесі қарсаңындағы социалистік жарысқа ұштаса отырып, өздеріне көтеріңкі міндеттемелер алған болатын. Цех коллективі төртінші айдың өндірістік программасын 100 процент орындауды ұйғарып, өнімнің сапасын жақсарту беру жөнінде нақты шаралар белгілеген.

Алған міндеттемелерін цех жұмысшыларының барлығы да аброймен орындауда. Л. Петрова және Н. Роговнича сменасына біржарым нормадан орындан, өнімнің сапасын жақсарту түсті. Бөлшектерді еген өңдеуші Н. Шелудков жолдас еңбек өнімділігін арттыруды 200 процентке жеткізді. Ал, токарь М. Воропаев, слесарь А. Девяткин жолдас сменасына екі-екіжарым нормадан беруде.

Цех жұмысшылары алған міндеттемелерін аброймен орындан, дақты мерекені лайықты табыстармен қарсы алу үшін еңбек қарқынын күн санап үдетіп келеді.

А. РАХЫМБАЕВ.

Колесовтың өнегесі бойынша

Орта Волга станок жасау зауытының жаңашыл токари Василий Колесовтың металды шапшаң кесу жөніндегі әдісі Петропавл шағын двигательдер зауытының жұмысшылары мен инженер-техник қызметкерлері арасында зор қолдау тапты.

Жаңа әдіс бойынша жұмыс істеуге кеші үшін аспаптар цехының коллективі заводтың техникалық бөлімінің бастыры Копылов жолдасының және технолог комсомолец Сергей Абрамовтың басқаруымен «ДИП—200» токарьлық станогына жаңа формадағы кескіш аспап жасап орнатты.

Жаңа аспапты сынау жұмысын токарь коммунист Ю. Никифорович жүргізді. Ол

науқаны кезінде 30 -ға жуық бригадалар болып, егіншілер мен механизаторларды мәдениетті қамтиды, колхозшылар үшін түрлі тақырыптарда лекциялар оқып, сайнамалар жасайды, қабырға газеттері мен жауынгерлік листоттар шығарады.

Полудень ауданындағы селолық кітапхананың меңгерушісі Романенко, Преснов ауданындағы селолық клубтың меңгерушісі Придворный, Совет ауданындағы оқу үйінің меңгерушісі Қожахметова жолдастар колхозшылар арасындағы мәдени-ағарту жұмысын ойдағыдай жүргізіп келеді. Олар өткен жылдың тәжірибесі бойынша көктемгі дала жұмыстарына шығар алдында көрсеткіш тақталар, жеке колхозшылар, тракторшылар арасында социалистік жарыс шарттарын жасауда колхоз басқармаларына нақтылы көмек көрсетті. Дала жұмыстарының алғашқы күнінен бастап жоспар бойынша егіншілер арасында дауыстан газет, журналдар оқыды, селолық лекторий мүшелері лекциялар оқыды. Жұмыс аяқталғаннан кейін күн сайын кешке социалистік жарыстың қорытындысы шығарылып, көрсеткіш тақтаға жазылады.

Әрбір колхозда құс фермасы бар

ӨСКЕМЕН. (ҚазТАГ). Партияның XIX съезінің бесінші бесжылдық жоспар жөніндегі директиваларында ауылшаруашылық артельдерінде құстың санын үш-үшжарым есе арттыру көделген. Шығыс Қазақстан колхоздарының құс өсірушілері осы тапсырманы мерзімнен бұрын орындау үшін күресуде. Жаңа бесжылдықтың өткен жылы ішінде ғана олар тауықтың, құркетауықтың және суда жүзетін құстың санын біржарым есе дерлік көбейтті. Кәзір облыстың әрбір колхозында құс фермасы бар.

Қоғамдық өндірістің осы табысты сала сы былай едәуір ұлғайтылады. Колхоздар-

көктемгі дала жұмыстары кезінде егіс далағының еңбекшілерін мәдениетті қамту жөнінде облысымыздың алдыңғы қатарлы мәдени-ағарту мекемелерінің жұмыс тәжірибесін қолдана отырып, кітапханалардың, оқу үйлерінің қызметкерлері өздерінің жұмысын негізінен жақсартулары қажет.

Кәзір көктемгі дала жұмыстары күннен-күнге қыза түсіп отырғанда мәдени-ағарту мекемелері қызметкерлері, клуб және кітапхана активтерінің орны бригадаларда, дала қостарында болуға тиіс. Партия ұйымдарының көмегіне сүйене отырып, олар колхозшыларды еңбек өнімділігін еселеп арттыруға, егінді қысқа мерзімде, сапалы салып шығуға жігерлендіріп отырулары, дауыстан газет, журналдар көркем әдебиеттер оқу, көркем-өнершілер күшімен ойын-сауықтар өткізу, кино көрсетуді ұйымдастыру арқылы егіншілерді мәдениетті қамтулары қажет.

Бұл күндері егіншілерді мәдениетті қамтуды мейлінше жақсарту — ауыл-селолық мәдени-ағарту мекемелері қызметкерлерінің аса маңызды міндеті.

Қызылдардың әрбір гектарынан 15 — 16 центнерден өнім жыйнап, елімізге астықты көп беруге ұйғарып отыр. Бұл міндеттемені орындау күресінде егіншілер тынбай еңбек етіп жүр.

Тракторшы Н. Михайлов пар мен зябті тырмалауға жақсы әзірлікпен кіріскен еді. Ол бірінші сменасының өзінде 21 гектар жер тырмалады. Күндік тапсырманы артығымен орындау оның дағдылы ісіне айналуда. Басқа тракторшылар да жұмысты өнімді істеуге күш-жігерін аямай жұмсап жүр.

Аталған колхозда 93 гектар жер тырмаланып, ылғал жабылды.

Е. ӘБІЛБАЕВ.

Бұл күндері

Бұл күндері Мамлют совхозының коллективі партияның XIX съезінің егін өнімін арттыру жөніндегі қарарларын ойдағыдай орындау жолында қажырлы еңбек етуде. Совхоз егіншілері дәнді дақылдардың әрбір гектарынан 100 пұттан өнім алуға міндеттеніп отыр. Мол өнім жолындағы күресті күшейте отырып, олар егісті тыңғылықты әзірлікпен қарсы алды.

Мұнда пар мен зябті тырмалау, күздік егісті үстем қоректендіру басталды. Кәзірдің өзінде 20 гектар күздік егіске аммиак селитрасымен үстем қорек берілді. Осы сыяқты 12 гектар огород дақыл-

дары егілетін жер суперфоспатпен үстем қоректендірілді. Енді бірер күннен кейін үстем қорек отамалы дақылдарға да беріледі. Бұған тыңайтқыш заттар жеткілікті дайындалған.

Дала жұмыстарын егіншілер зор ынтымақпен істеп, сапалы атқаруда. Жер тырмалауда, әсіресе, механизаторлар үздік еңбек етіп жүр. Олар егіс жұмыстарын бір-бірімен ұштастыра және үлгілі жүргізіп, май мерекесін лайықты тартулармен қарсы алмақ.

Л. МОРГУН.

станок шийделетін айналу жылдамдығын жоғары шапшаңдыққа жеткізіп, детальді өңдеуге кететін уақытты 3 есе қысқартты. Өңделген детальдің бетінің тегістік сапасы да анағұрлым жақсарды.

Жаңа әдіс кәзір кәсіпорнының барлық цехтарында кеңінен қолданылуда. Токарлар Анатолий Потехин, Борис Петров және басқалар Колесовтың әдісі бойынша жұмыс істеп, еңбек өнімділігін 4—5 есе арттырды.

Шағын двигательдер жасаушылар Бірінші май алдындағы жарысқа қосылып, еселенген жігермен еңбек етуде.

Р. ХАМИТОВ.



Туған елімізде




Жоғары оқу орындары жаңа оқу жылына әзірленуде

Астананың жоғары оқу орындары жаңа оқу жылына әзірленуде. Қабылдау комиссиялары іске кірісті. Москваның Н. Э. Баумян атындағы жоғары техникалық училищесінде, В. М. Молотов атындағы энергетика институтында және басқа жоғары оқу орындарында профессорлар мен оқытушылардың орта мектептің жоғарғы класс оқушыларымен дәстүрлі алғашқы кездесулері өтті. «Ашық есік» күндері мыңдаған қыздар мен жігіттер-болашақ студенттер лабораториялармен, оқу мастерскойларымен, кабинеттермен, жабдықтармен танысады. Москваның М. В. Ломоносов атындағы Мемлекеттік университетінің ғалымдары

оқушылар үшін білімнің әр саласынан лекциялар ұйымдастырады.

Көптеген институттар кеңейтілуде. В. М. Молотов атындағы ауыл шаруашылығын механикаландыру және электрлендіру институтында мал шаруашылығында өндірістік процестерді механикаландыру жөнінен мамандар даярлау үшін жаңа факультет құрылды. Бұл жоғары оқу орнында ауыл шаруашылығында істейтін инженер-механиктер мен электршілердің мамандығын арттыратын және ауылшаруашылық техникумдары үшін педагогтер даярлайтын екі бөлімше ашылады.

(СОТА).



Балалар яслилерінің мұқтажына 1 миллион 600 мың сом бөлінді

Алматы облысы колхоздарының дала-сында егіс жұмыстары қызу қарқынмен жүргізілуде. Көктемгі егіске адамдарды неғұрлым көп шығару үшін облыстың селолары мен ауылдарында маусымдық балалар яслилері мен балалар алаңдары ашылуда. Шелек ауданында 29 балалар яслині ұйымдастырылды. Іріленген колхоздардың әрқайсысында 800 балаға арналған 2 балалар яслилері қамтылды. Балалар яслилері жақсы жабдықталған, азық-түлікпен қамтамасыз етілген.

Жамбыл ауданында Молотов атындағы,

«30 лет Казахстана», «Работник» және Жамбыл атындағы ауылшаруашылық артельдерінде балалар яслилері жұмыс істей бастады. Бұларда 120 бала тәрбиеленуде. Басқа колхоздарда да балалар яслилері ашылып жатыр. Облыстың колхоздары 1952 жылғы табыстарды баянды ете отырып, тұрақты және маусымдық балалар мекемелерінің мұқтажына 15 мың центнер астық, 530 центнер картофель, 1000 центнерге жуық овощ және 1 миллион 600 мың сомнан аса қаржы бөледі.

СИРЕК КЕЗДЕСЕТІН ЖАҒДАЙ

ҚЫЗЫЛОРДА. (ҚазТАГ). Сырдария ауданының Ленин атындағы колхозының шопандары барлық қойды қыстан өте күйлі шығарды. Қой қоздату маусымы жақсы өтуде. Шопан Спан Құлыновтың отарында әрбір төртінші саулық егіз қозы

тапты. Оның отарында тіпті қарттар да білмейтін ерекше оқыйға болды. № 8448 қой бес қозы тапты. Ал № 5517 қойдан төрт қозы алынды. Осы тоғыз қозының бәрі аман сақталып, жақсы өсіп келеді.



М. В. Гнатенко 1950 жылы Киевтің ауыл шаруашылық институтын бітірді. Кәзір ол — қант қызылшасының Бүкілодақтық ғылыми зерттеу институтының ғылыми қызметкері. Ол ғылым кандидатының атағын алу үшін диссертация қорғауға даярлануда. СУРЕТТЕ: М. В. Гнатенко жолдас институт оранжереясында тәжірибе өткізуде. (СОТА-ның фотохроникасы).

ВОЛГА-ДОН КЕМЕ ҚАТЫНАСЫ КАНАЛЫН КӨҒАЛДАНДЫРУ ҮШІН

АСТРАХАНЬ. (СОТА). Краснояр далалық орман шаруашылығының орманшылары В. И. Ленин атындағы Волга-Дон кеме қатынасы каналын көгалдандыру үшін шынғылдың миллионға жуық кесінді шыбықтарын жөнелтті. Бұл шыбықтар каналдың жиектеріне және сортаңданған жерлерге отырғызылады.

Дәрігерлер конференциясы

ВИЛЬНИУС. Кеше мұнда қан құю мәселелерін талқылаған республика дәрігерлерінің конференциясы аяқталды.

Конференцияға қатысушылар хирургиялық, терапиялық, акушерка-гинекологиялық практикада, сонымен қатар, жұқпалы

ауруларды емдеуде қан құю әдісін қолдану жөнінде тәжірибе алысты. 25 баяндама тыңдалды. Конференцияның жұмысына Москваның, Ленинградтың және Риганың медициналық ғылыми-зерттеу мекемелерінің өкілдері қатысты.

Москва теміржолшылары эн-би ансамблінің гастролі

ПЯТИГОРСК. Кавказдың минерал сулары курорттарында Москваның теміржолшылар эн-би ансамблінің гастролі табыспен өтуде. Ансамбльдің көркемдік

жағын басқарушы композитор, Сталиндік сыйлықтың лауреаты И. Любан.

Кеше ансамбль Пятигорскінің қалалық театрында бірінші концерт берді.

Қырғызстандағы эн мейрамы

ФРУНЗЕ. Қырғызстанның астанасында Шу алқабындағы қалалар мен селоларда эн мейрамына әзірлік басталды. 60-қа жуық өнерпаздар коллективі совет композиторларының жаңа шығармаларын үйре-

ніп, жаттауға кірісті. Мейрамда төрт мың адамнан құралған біріккен хор эн айтады. Халық творчествосының республикалық үйі клуб қызметкерлерінің семинарларын өткізді. (СОТА).

ЖАҢА ҚАЛАЛЫҚ ГАЗЕТ

ВЛАДИВОСТОК. (СОТА). Өлкедегі ең жас қала — Арсеньевте кеше қалалық «Коммунистический путь» газеті-

нің бірінші номері шықты. Газет аптасына үш рет шығып тұрады.

Украин ССР. Ауылшаруашылық машина жасау құрылысының Кировградтағы «Красная звезда» заводы шаршы-үя әдісімен ағаш тұқымын себуге лайықталған СЛГ—5 жаңа трактор сеялқасын көптеп шығаруға кірісті.

СУРЕТТЕ: СЛГ—5 трактор сеялқасының жаңа үлгісін чертежбен салыстыру. (СОТА-ның фотохроникасы).

ВЕЛИКИЕ ЛУКИ СЕЛОЛАРЫН ЭЛЕКТРЛЕНДІРУ

ВЕЛИКИЕ ЛУКИ. (СОТА). Идрица ауданының 16 ауылшаруашылық артелінің колхозшылары колхозаралық Максют су электрстанциясын салуға кірісті. Станция құрылысындағы барлық жұмыстар толық механикаландырылады.

Великие Луки облысының 1946 жылға дейін бірде-бір электр станциясы болмаған селоларында кәзір жүзден аса станция бар.

Мәдени-ағарту мекемелерінің қызметкерлері, егіншілерді мәдениетті қамтыңыздар!

Егіншілерді мәдениетті қамтыймыз

Көктемгі егіс науқаны кезінде аудандық мәдениет үйі, кітапхана және басқа мәдениет орындарының қызметкерлері мәдениет қостарында жпі болып, егіншілер арасында түрлі газет, журналдар, саяси, көркем әдебиеттер оқып, кино көрсетіп, оларды мәдениетті қамтуға тиіс.

Көктемгі егіс науқаны кезінде дала жұмыстарында жүрген колхозшылар мен механизаторларды мәдениетті қамтудың арнаулы жұмыс жоспарын жасап бекітті. Сол сияқты, МТС-тің, колхоздардың, ауыл-селолық Советтердің кітапханаларында да жергілікті партия, совет ұйымдарының басшыларымен бірлесе отырып, жұмыс жоспарлары жасалды. Бұл жоспарларды жүзеге асыру ісіне жергілікті активтер тартылды. Олар көктемгі егіс науқаны кезінде колхоздардың мәдениет қостарында болып, саяси-бұқаралық, насихат және үгіт жұмыстарын жүргізеді.

Аудандық мәдениет үйі жанынан арнаулы мәдени-үгіт бригадасы ұйымдастырылды. Бригаданы КЛЕЖО Көнюхов аудандық комитетінің секретары В. Иванова жолдас басқарады. Мәдени-үгіт бригадасының құрамында лекторлар мен баяндамашылар, аудандық мәдениет үйі жанындағы көркемөнер үйірмесінің мүшелері бар. Бригада мүшелеріне тиісті жұмыстар бөлініп берілді. Үгіт бригадасы колхоздардың мәдениет қостарында болып, халықаралық жағдай, ССРО-ның ауыл шаруашылығы — дүние жүзіндегі ең озат ауылшаруашылық және басқа да тақырыптарда лекциялар оқып, баяндамалар жасайды.

Түрлі газет, журналдардан ауыл шаруашылығы туралы жазылған көркем шығармалардан ұйымдасқан түрде дауыстап үнділдер оқу ұйымдастырылады. Ал, көркемөнерпаздар үйірмесінің мүшелері егіншілерді концерттермен қамтыйды. Олардың программасында совет композиторларының партия, Отан, Сталин туралы әндері және халық әндері бар.

Аудан орталығында ұйымдастырылған мәдени-үгіт бригадасы 30-ға жуық егін және трактор бригадаларын қамтыйды. Онда «Жауынгерлік листоктар» мен бригадалардың қабырға газеттерін шығаруға көмектеседі.

Чистов селолық кітапханасының меңгерушісі Морозенчикова жолдас өткен жылдардағы өзінің бай тәжірибесін кеңінен пайдаланып, мәдени-ағарту жұмысын жүргізуде басқаларға да үлгі бергенін көрсетті.

Облысымыздың алдыңғы қатарлы мәдени-ағарту мекемелері көктемгі егіс кезінде егіншілерді мәдениетті қамтуға алдын-ала ойдағыдай әзірленді. Олардың барлығы егіншілердің мәдени және рухани тілегін тыңғылықты өтеуге арнап дала жұмыстары кезінде жүргізілетін мәдени-ағарту, үгіт-бұқаралық жұмыстарының жоспарларын жасады. Сөйтіп, көзіндік өзінде сол жоспар бойынша жұмыс істей бастады. Төменде мәдени-ағарту мекемелері мен киноландыру орындарының қызметкерлеріне сөз беріледі.

Селолық лекторийлердің жұмысына жете көңіл бөлінсін

«ССРО-да социализмнің экономикалық проблемалары» деген өзінің данышпандық еңбегінде Сталин жолдас кадрлардың идеялық білім дәрежесін көтеру, оларды саяси жағынан қаруландырып, көреген және қырағы етіп тәрбиелеу коммунизмге өтуге әзірліктің алғы шарттарының бірі болып саналатынын атап көрсетті. Бұл игілікті істе селолық лекторийлер зор роль атқарады.

Бұқараға идеологиялық тәрбие беру жөнінде облысымызда оқытушылар, дәрігерлер, агрономдар, зоотехниктер игілікті істер істеуде. Өткен жылы жаратылыс тану, ауыл шаруашылығы, саяси экономика, тарих мәселелері жөнінде, СОБН XIX съезінің материалдары бойынша және басқа түрлі тақырыптарда 4 мың лекция оқылды.

Селолық лекторийлердің саны жылдан-жылға көбейе түсуде. 1950 жылы облысымызда небары 57 лекторий болса, көзір олардың саны 152-ге жетті.

Совет ауданындағы Аралағаш оқу үйі жанындағы лекторийдің жұмысы басқаларға үлгі боларлықтай. Лекторийдің жұмысына жетікшілік мекентің директоры Касенов жолдас басшылық етеді. Селолық лекторийдің құрамында 8 адам жұмыс істейді. Олардың күшімен өткен жылы колхозда 20 лекция оқылды. Колхозшылар коммунизмнің ұлы құрылыстары, жақсы тұқым — мол өнімнің кепілі, қарсуы бегеудің маңызы деген тақырыптарда және халықаралық жағдай туралы, партияның XIX съезінің материалдары бойынша оқылған лекцияларды сүйсіне тыңдады.

Петропавл ауданындағы Петерфельд селолық кітапханасы жанындағы лекторийдің жұмысы да жақсы жолға қойылған. Мұнда оқылатын лекциялардың тақырыбы лекторийдің мәжлісінде талқыланады.

Селолық лекторийлерді құру барлық мәдени-ағарту жұмыстарын оған әрі жақсартуға, лекциялардың идеялық дәрежесін

Алайда, бұл жөнінде істелген іс әлі жеткіліксіз. Көптеген агрономдар, дәрігерлер мен оқытушылар, әсіресе, ауылшаруашылық қызметкерлері ауыл-село еңбекшілері алдында лекцияларды оқта-текте ғана оқыйды.

Мәселен, Мамлют аудандық лекторлар тобына ауылшаруашылық бөлімінің мамандары мүше бола тұрса да, өткен бір жыл бойына колхозшылар үшін бірде-бір рет лекция оқыған жоқ.

Сол сияқты, Совет, Ленин, Көнюхов аудандарында да ауыл шаруашылығы мамандарының колхоздарда лекция оқығаны өте сирек кездеседі.

Кейбір лекторийлерде лекциялардың тақырыбы ауыл шаруашылығының практикалық міндеттерімен байланыстырылмайды.

Көзір облысымыздың егіншілері көктемгі дала жұмыстарына шықты. Көктемгі егіс кезінде колхозшылар арасындағы мәдени-ағарту және лекциялық жұмыстарды өрістетіп жүргізудің зор маңызы бар.

Қоғамдық лекторлар советтік алдыңғы қатарлы биология ғылымының табыстарын бұқараға жеткізушілері, егіннен мол өнім алу шеберлерінің тәжірибелерін қорытып, кеңінен насихаттаулары керек. Селолық лекторийлерді басқарушылар лекциялардың терең идеялы, ұстамды, партиялық мақсатта болуына жете назар аударулары қажет.

Селолық жерлерде лекциялық жұмысты оған әрі жақсарту үшін аудандық мәдени-ағарту мекемелері мен аудандық лекторлар топтары аудан орталығынан лекторлар жіберіп тұру арқылы селолық лекторийлерге көмек көрсетіп отыруға тиіс.

Жуырда КБП облыстық комитеті Преснов аудандық партия комитетінің көктемгі егіс кезінде жүргізетін саяси-бұқаралық жұмысының шараларын бекітті. Бұл жоспарда Благовещенка селолық лекторийінің егіс науқаны кезінде жүргізетін жұмыстары да жоспарланған.

Кино егіншілерге қызмет етеді

Егін шаруашылығының жауапты кезеңі басталды. Қандай ғана шаруашылық науданның болсын ойдағыдай және сапалы аяқталуы саяси-бұқаралық және мәдени-ағарту жұмыстарының дәрежесіне де байланысты екендігі тәжірибеде айқын көрініп жүр.

Осыны еске ала отырып, облыстың киноландыру басқармасы көктемгі дала жұмыстары кезінде егіншілерді киномен тыңғылықты қамту жөнінде бірқатар шаралар белгіледі. Егіс науқаны кезінде облыс көлемінде мемлекеттік 89 киноустановка жұмыс істейді, олар колхоздарды, бригадаларды, дала қостарын, МТС-тер мен совхоздарды үнемі киномен қамтып отыратын болады.

Облысымыздың киносеті жоспар бойынша 4598 киносеанс қойып, кемінде 373 мың адамды қамтуға тиіс. Егін даласының еңбекшілерін киномен неғұрлым тыңғылықты қамту мақсатымен жыл жыамалы 25 кино колхоздарға арнап жабдықталған автомашиналармен жеткізіліп тұрады. Олардың бір бөлегі жылжымалы үгіт ретінде пайдаланылады. Бұл автомашиналарды аудандық киноландыру және мәдени-ағарту бөлімдері көктемгі егіске арналған ұрандармен, плакаттармен, әдебиет кітаптармен жабдықтады және үгіт бригадасын мәдени-ағарту қызметкерлерімен, аудандық партия комитетінің қызметкерлерімен толықтырды. Олар киносеанстар басталар алдында лекциялар оқыйды, баяндамалар жасайды, дауыстап газет оқыйды, көркемөнершілердің күшімен ойын-сауық көрсетеді.

Көктемгі егіс науқаны кезінде ауыл-селола көрсетілетін кинофильмдердің арнаулы репертуары жасалды. Ауыл-село еңбекшілеріне «Пржевальский», «Тракторшылар», «Ұмытылмас 1919-шы жыл», «Малахов Курганы», «Бейбітшілік күндерінде», «Украина далаларында», «Алыстары қалыңдық», «Мичурин» деген және басқа фильмдер көрсетіледі. Көркем суретті фильмдерге қоса селолық жылжымалы киномеханиктерге советтік агробиология ғылымы мен техниканың табыстарын бейнелейтін толық метражды және қысқа метражды ғылыми, ауылшаруашылық фильмдер бекітіліп берілді.

Селолық кино қызметкерлерінің міндеті қолда бар техника мен кинофильмдерді дұрыс пайдалана отырып, дала жұмыстарында жүрген колхозшыларды, киномен тыңғылықты қамтып отыру болып сана-

Нақтылы шаралар белгіленді (Ауыл шаруашылығы алдыңғы қатарлыларының аудандық кеңесінен)

Жақында Петропавл ауданында ауыл шаруашылығы алдыңғы қатарлыларының аудандық кеңесі болып өтті. Онда үстіміздегі жылы ауыл шаруашылығын оған әрі өркендету шаралары туралы еңбекшілер депутаттары Петропавл аудандық Советі атқомінің председатели Ө. Ыбраев жолдас баяндама жасады.

Ыбраев жолдас өзінің баяндамасында бесінші бесжылдықта, әсіресе, оның үшінші жылында егін және мал шаруашылығын өркендету жөнінде аудан еңбекшілерінің қолжеткен табыстарын айта келіп, алда тұрған міндеттерге тоқталды.

Бұдан кейін ол ауданды тұтас алғанда егін, әсіресе, мал шаруашылығының өркендеуі әлі де болса өз дәрежесінде емес екендігін, ауыл шаруашылығын өркендету ісіне жете мән бермей, оған нашар басшылық жасап отырған колхоз және МТС басшыларын сынга алды.

Баяндама бойынша қызу жарыссөз басталды. Жарыссөзге Петропавл МТС-нің № 4 трактор бригадасының бригадирі Р. Девяткин жолдас бірінші болып шықты.

—Үстіміздегі жылы, — деді ол, — біздің бригада «Луч Ленина» колхозында жұмыс істейді. Біз көктемгі егіс кезінің өзінде 1460 гектар жер жұмыстамақпыз. Бұл міндетті агротехникалық қолайлы мерзімде аяқтауға күш-мүмкіншілігіміз жеткілікті. Бізде көзір 900 гектар даяр жер бар. Бірақ, бұған сеніп отырғамыз жоқ. Демек, дала жұмыстарын алғашқы күннен бастап қызу қолға алуға, жұмысты өнімді істеуге ұйғарып отырмыз. Бұл үшін МТС және колхоз тарапынан да тиісті көмек керек болады. МТС те, колхоз да бригаданы жақсы қамтып, оның үдіксіз жұмыс істеуіне жағдай жасауы қажет.

— Өткен жылы, — деді Ворошилов атындағы колхоздың мал фермасының меңгерушісі Мойсеев жолдас, — біздің колхозда мал шығынына жол берілді. Соның салдарынан мал басын өсірудің мемлекеттік жоспары негізгі түліктер бойынша орындалмады. Одан қажетті мөлшерде өнім алынбады. Мал басын өсіру жоспарының

орындалмауы мен өнімнің аз, алынуының негізгі себебі — малдың жемшөп қорымен жылы, жарық қорамен толық қамтамасыз етілмеуінен болды.

Мойсеев жолдас қоғамдық мал үшін жемшөптің берік қорын жасау жөнінде колхозға нақтылы басшылық жасамай, тиісті көмек көрсетпей отырғаны үшін аудандық атқару комитеті мен аудандық ауылшаруашылық бөлімін қатты сынга алды.

Димитров атындағы колхоздың товарлы-сүт фермасының меңгерушісі Ли жолдас өзінің сөзінде колхозда мал шаруашылығын өркендетуде орын алған кемшіліктерге талдау жасады. Колхозда аналық мал басын өсіру, төл алу жоспарын орындау, қоғамдық мал үшін берік жемшөп қорын жасау ісіне жеткілікті қамқорлық жасамайтынын, әсіресе, аналық малды қолдан шағылыстыру ісіне жете мән берілмейтінін, бұған ең алдымен аудандық ауылшаруашылық бөлімінің мамандарының, зоотехниктері мен мал дәрігерлерінің кінәлі екенін айтты.

— МТС, — деді, ол, — тракторлар мен тіркеу саймандарын сапалы жөндеп шығармайды. Өткен жылы біздің колхоздың № 2 бригадасының егіс даласында жұмыс істеуге «СХТЗ» және «НАТИ» тракторы бөлінді. Бірақ, бұл екі трактордың жұмыс істеуінен бұзылып тоқтап тұруы көп болды. Өйткені, ол тракторлар мұнда сапасыз жөнделген. Тракторлардың өнімсіз жұмыс істеуі салдарынан № 2 бригаданы көктемгі егіс ұзаққа созылды. МТС басшылары бұл кемшіліктерден қорытынды шығарып, быыл көктемгі дала жұмыстарында тракторлардың өнімді жұмыс істеуіне жетісулері керек.

Жарыссөзге шығып сөйлеген жолдастардың барлығы да өздерінің сөздерінде ауданның егін және мал шаруашылығында орын алып отырған кемшіліктерді дереу жою жөнінде бағалы ұсыныстар енгізді.

Осымен бірге кенеске қатысушылар ауыл шаруашылығын өркендету жөнінде Пржешиң ауданын социалистік жарысқа шақырды.

Кореядағы оқыйғалар

ХАЛЫҚ АРМИЯСЫ БАС КОМАНДОВАНИЕСІНІҢ ХАБАРЫ
ПХЕНЬЯН, 20 апрель. (СОТА). Корея Халық-Демократиялық Республикасы Халық армиясының Бас командованиесі 20 апрель күні былай деп хабарлады:
Өткен күні Корея Халық армиясы мен қытай халық еріктілерінің құрамалары барлық майдандарда американ-ағылшын интервенттеріне және лисыманшыл әскерлердің барлаушы топтарына қарсы қорғаныс ұрыстарын жүргізуде болды.
Бүгін Халық армиясының зениттік артиллериясы және жау самолеттерін атқытар дұшпанның 6 самолетін атып түсірді.

Мороженникова жолдастың жұмыс тәжірибесі ауданның басқа кітапханаларына тартылады.

Аудандық мәдени-ағарту бөлімі көктемгі егіс кезінде колхозшыларды мәдениетті қамту жөнінде жасалған жұмыс жоспарының орындалуын бақылап, ауыл-селолық мәдени-ағарту мекемелерінің жұмысына күнбе-күн көмектесіп отыратын болады.

Ф. ЛАРКИН,

Кониюхов аудандық мәдени-ағарту бөлімінің меңгерушісі.

Аудандық мәдениет үйі

Жақында болып өткен көркемөнер үйірмелері мүшелерінің дарындылығын байқауға Полудень ауданы мәдениет үйінің көркемөнершілері де қатысып, өздерінің көркемөнер шеберліктерін көрсетті. Бұл аудандық байқауға мәдениет үйі күні бұрын дайындалды. Мәдениет үйінде драма, хор, би және басқа көркемөнер үйірмелері бар. Бұл үйірмелерге 40 адам қатысады. Драма үйірмесі Луковскийдің «Хауіпті күн», Кравченконың «Таланттар» деген пьесасын дайындады. Музыка аспаптарының жетіспеуіне қарамастан музыка үйірмесінің мүшелері де жеңіл музыкалардан село еңбекшілеріне концерт берді.

Мәдениет үйі көктемгі егіс науқаны кезіндегі үгіт-бұқаралық жұмыстарын жүргізу туралы жұмыс жоспарларын жасап бекітті. Осы арнаулы жұмыс жоспары бойынша мәдениет үйінің жанынан мәдени-үгіт бригадасы құрылды. Оның құрамында 6 адам бар. Мәдени-үгіт бригадасы өздерімен бірге жылжымалы кино мен жылжымалы кітапхананы ала жүреді. Олар колхоздардың мәдениет қостарында болып, егіншілер үшін лекциялар оқыды, кино көрсетеді, концерттер береді.

Мәдениет үйі ауданның колхоздары мен ауыл-селолық Советтерінің оқу үйлерінің көктемгі егіс науқаны кезіндегі жүргізілетін жұмыстарына көмектесіп отырады. Көзірдің өзінде оларға концерт программаларын, аудандық кітапханамен бірге отырып сурет көрмелері мен сурет монтаждарын және өткізілетін кештердің тақырыптарын белгілеп, оны қалай өткізу туралы арнаулы кеңестер берді. Егіс бригадаларындағы осы жұмыс жоспарларының орындалуын аудандық мәдени-ағарту бөлімі бақылап отырады.

Аудандық мәдениет үйінің мәдени-үгіт бригадасы дала бригадаларында «Жауынгерлік листоктар» мен қабырға газеттері шығарылуына көмектеседі. Ауыл-село үгітшілерінің үгіт-бұқаралық жұмыстарын жүргізуіне жәрдемдесіп отыратын болады.

Д. РАТАНОВА,

Полудень аудандық мәдениет үйінің директоры.

көтеруге, ғылыми насихатты жүргізу ісін жергілікті жердегі активтерді көбірек тартуға көмектеседі.

Селолық лекторийлер тобы орта, жеті-жылдық мектебі, техникумы, МТС және басқа мекемелері бар әрбір селода құрылуы керек. Сондықтан селолық лекторийлерді құрғанда олардың жұмысына селолық интеллигенттердің неғұрлым көп тартылуын қамтамасыз етудің барлық шараларын қарастыру қажет.

Біздің жоспарымыз бен ісіміз

Жуырда Мамлют аудандық кітапханасының инициативасы бойынша Мамлют совхозында сұрақ-жауап кеші өткізілді. Бұл кешке мұғалімдер, дәрігерлер, агрономдар мен зоотехниктер қатысты. Кеш өте қызықты өтті.

Калугин селолық кітапханасында А. Фадеевтің «Жас гвардия» романы бойынша кітап оқушылар конференциясы өткізілді. Онда кітап оқушылар өздерінің романды оқығандағы алған әсерлері туралы айтты. Конференцияға қатысушыларға көркемөнер үйірмесі мүшелерінің күшімен концерт берілді. Бұл шараларды дайындап өткізуге совхоздың партия ұйымы мен дирекциясы белсене қатысты.

Аудандық кітапхана көктемгі егіс науқаны кезінде егіншілерді мәдениетті қамту үшін бірқатар жұмыстар жүргізді. Кітапхананың арнаулы жоспары бар. Көктемгі егіс кезіндегі мәдени-ағарту жұмыстары сол жоспар бойынша жүргізіледі.

Аудандық кітапхананың жоспарын негізге ала отырып, колхоз бен селолық Советтердің кітапханалары өздерінің жұмыс жоспарын жасап бекітті. Аудандық және селолық кітапханалардың жанынан мәде-

Соколов аудандық мәдени-ағарту бөлімі көктемгі егіс кезіндегі мәдени-ағарту, үгіт-бұқаралық жұмыстарын жүргізуге ерте бастан дайындалды. Жуырда аудандық мәдени-ағарту қызметкерлерінің екікүнді семинары өткізілді. Семинарға қатысушылар мәдени-ағарту қызметкерлерінің көктемгі егіс науқаны кезіндегі міндеттері туралы баяндама, Н. В. Сталин жолдастың «ССРО-да социализмнің экономикалық проблемалары» деген данышпандық еңбегі, халықаралық жағдай туралы және басқа да тақырыптарда лекциялар тыңдады. Көктемгі егіс кезіндегі мәдени-ағарту орындарының жұмыс жоспарларын талқылап бекітті.

Ауданның көптеген кітапханалары жанынан мәдени-үгіт бригадасы ұйымдастырылды. Оның құрамында үгітшілер, лекторлар, көркемөнер үйірмесінің мүшелері бар.

Благовещенка селолық лекторийінің жұмыс жоспарымен жете танысып, көктемгі егіс кезінде колхозшылар арасында оқылатын лекциялардың жоспарын жасаулары, онда қоғамдық-саяси және жаратылыс-ғылыми тақырыптарда лекциялар оқылуын қарастырулары керек.

З. МОЛОТКОВА,

Облыстық лекция бюросының директоры.

ниет қостарындағы егіншілерді қамту үшін жылжымалы кітапханалар ұйымдастырылды.

Калугин селолық кітапханасының меңгерушісі Л. Ковнова жолдас мәдениет қостарын безендіру үшін плакаттар мен урандар дайындады. Көктемгі дала жұмыстары кезінде мәдениет қостарында лекциялар оқылып, баяндамалар жасалады. Коллектив болып дауыстап газет, журналдар оқу ұйымдастырылып, сұрақ-жауап кештері өткізіледі.

Кітапхана, «Мичурин кешін» өткізуге, онда мичуриндік ілім туралы әңгімелер мен лекциялар оқуға дайындалуда. Бұған село активтері тартылды. Кітапхана Мичуриннің өмірі мен қызметі деген тақырыпта сурет монтажын дайындады.

Бұл кеш апрель айының аяқ кезінде өткізіледі. Онда ККП Мамлют аудандық комитетінің секретары А. Закирченко жолдас Мичурин—табиғаттың ұлы өзгертушісі деген тақырыпта баяндама жасайды.

М. ДВОРЯНЧИКОВА,

Мамлют аудандық кітапханасының меңгерушісі.

Абройлы міндет

Долматовка, Вагулина селолық кітапханаларында егіншілерді мәдениетті қамту жұмысы жақсы жолға қойылған.

Бұл кітапханалар мәдениет қостарын безендіру үшін сурет монтаждарын, урандар, сталиндік бесінші бесжылдықта өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының, халықтың әл-ауқатының өсуін көрсететін диаграммалар дайындады. Мәдениет қостарында кітапхананың бөлімшелері үнемі жұмыс істен тұрады.

Соколов ауданының мәдени-ағарту қызметкерлері көктемгі егіс науқаны кезіндегі егіншілерді мәдениетті қамтудың осындай абройлы міндетін орындауға қызу кірісті.

З. НАРКЕВИЧ,

Соколов аудандық мәдени-ағарту бөлімінің меңгерушісі.

М. АЗЕРИН,
Облыстық киноландыру басқармасының бастығы.

Оқу үйі көктемгі егіс кезінде

Менің өрнек оқу үйінің (Приешім ауданы) меңгерушісі болып жұмыс істей бастағанымға біраз уақыт болды. Бұл жұмысым игеріп алуыма колхоздың партия ұйымы, ауыл интеллигенциясы көп көмек көрсетті. Алғашқы кездерде оқу үйінің кітап қоры өте аз болушы еді. Көзір оқу үйінің кітапханасында 400-ге жуық саяси, көркем әдебиеттер, тағы басқа көптеген кітаптар бар. Кітапхананың кітап қорының артуымен бірге кітап оқушылар да көбейіп келеді. Қатарлағы колхозшы Ә. Қалдыров соңғы күндердің өзінде ғана көптеген көркем әдебиет кітаптарын оқыды. Оқу үйінің тұрақты кітап оқушылары 150 адамға жетті.

Оқу үйі түрлі уран, плакаттармен безендірілді. ССРО-ның ауыл шаруашылығы, бесінші бесжылдық жоспар, коммунизмнің ұлы құрылыстары және басқа да тақырыптарда сурет монтаждарын дайындадық.

Оқу үйі активтерінің көмегімен көктемгі егіс науқаны кезіндегі үгіт-бұқаралық, мәдени-ағарту жұмыстарын жүргізу үшін бірқатар шаралар белгіледік. Егіс жұмыстары кезінде егін бригадаларының мәдениет қостарын газет, журналдармен қамтамасыз етеміз. Үгітшілер партияның XIX съезінің материалдарынан, сталиндік бесінші бесжылдықта ауыл шаруашылығының өсуі деген тақырыптарда әңгімелер өткізеді. Түскі үзіліс кезінде колхоз өмірі туралы жазылған көркем әдебиеттерден Г. Николаеваның «Егін орағы», В. Лаңистің «Жаңа жиекке қарай» деген және басқа да кітаптардан дауыстап үзінділер оқу ұйымдастырылады.

Мәдениет қостарында «Жауынгерлік листоктар» мен қабырға газеттерін шығарып тұрамыз. Жылжымалы кітапханалар ұйымдастырамыз.

Бригадалардағы оқу үйінің бөлімшелерінде түрлі кітап, газет, журналдар және шахмат, дойбы сияқты мәдениет құралдары жеткілікті. Мұнда егіншілер демалыс уақыттарында мәдениетті түрде дем алатын болады. Радиоқабылдағын арқылы Отан жүрегі—Москвадан, Алматыдан, облыс орталығынан жаңа хабарлар, әндер тыңдайды. Сөйтіп, көктемгі егіс науқаны кезінде егіншілерді мәдениетті қамту үшін барлық мүмкіншіліктерді пайдаланып, олардың көктем егісін кезінде, сапалы өткізуіне көмектесеміз.

Ә. СӘДУОВ,

Приешім ауданындағы өрнек оқу үйінің меңгерушісі.

Данияда шетел әскерлерін орналастыруға қарсылық

КОПЕНГАГЕН, 19 апрель. (СОТА). Данияда американдық әскерлерін орналастыру туралы айтыс күннен-күнге күшеюде.

Радикал партиясының ықпалы бар «Фюнс венстреблад» газеті мақала жариялап, онда былай деп жазады:

«Ол—Бьер крафтте (сыртқы істер министрі—ред.), премьер-министрі Эрик Эрикссон де Даниядағы шетел базалары туралы мәселе жайында ашық жауап бергісі келмей отыр. Егер олар бастартуға күштері жетсе, біз онда бұл туралы хабарлар болған болар едік. Олардың сөйлеген сөздері мәселенің шешілуін кейінге қалдыруды көздейді сондықтан, шындығында, бұл олардың келісіп отырғандығын көрсетеді. Сайлау өткізіліп, сайлаушылар оған кейін өздерінің пікірін білдіре алмайтын болған кезде, социал демократтар, Венстр партиясы, консерваторлар және доктор Старке (Оңшыл одақтың жетекшісі. —ред.) Ютландия аэродромдарына 5 мың шетел ұшқыштарын орналастыру туралы қарар қабылдайтын болады».

Радикал партиясының парламенттік фракциясының председателі Йорген Йоргерсен Дания радиосы арқылы сөз сөйлеп, үк-

меттен және социал-демократиядан ашық жауап беруді тағы да талап еткен.

«Біз,—деп мәлімдеген ол,—еддің хауіпті жағдайда екенін еске ала келіп, шетел әскерлерін орналастыру туралы мәселе Дания үшін оның өмір сүруі туралы мәселе деп ойлаймыз... Біз шетел әскерлерінің Дания жерінде болуын тілемейміз, өйткені, бұл ешнәрсемен ақтауға болмайтын құрғақ тәуекел».

Шетел әскерлерінің Данияны жаңадан басып алуын болдырмауды талап етіп, «Ланд ог Фольк» газетінде жарияланған слесарьлар кәсіподағының Дания бөлімінің қарары келешекте Дания жерінде американдық әскерлерінің орналасуына байланысты мәселе дат халқының күшті тынышсызданып отырғандығын көрсетеді.

Солтүстік-атлантика одағының соғыс комитеті мен советі сессиясының күн тәртібі туралы алынған хабарлар, сол сияқты жуырда Копенгагенде болатын соғыс мандарының елшілер мен дат саясатшыларының мәжілісі туралы хабарлар Дания жұртшылығының хауіптенуін күшейте түсуде.

Ағылшын солдаттары Кореядағы соғысқа қатысқысы келмейді

ВЕНА, 17 апрель. (СОТА). «Эстеррейхине фольксштимме» газетінің хабарына қарағанда, 13 апрельде Грассадан Кореяға жөнелтілген оккупацияшыл ағылшын әскерлерінің батальонынан соңғы күндерде 85 солдат қашып кеткен.

Газет ағылшын соғыс полициясымен бірге қашып кеткен солдаттарды іздестіруге Австрия жандармериясының да қатысып отырғандығын атап көрсетеді.

Редактор **Г. МУХАМЕДЖАНОВ.**

КИНОЛАРДА

«УДАРНИК» кинотеатрында

Бүгін және күн сайын
«ЕНШІЛЕС МАЛАЙ»

Сеанстар сағат 6-8-10-да басталады.
Касса сағат 3-тен бастап ашық.

«ОКТАБРЬ» кинотеатрында

Бүгін және күн сайын
«ЛЮБОВЬ ЯРОВАЯ»

Сеанстар сағат 4-6-8-10-да басталады.
Касса сағат 3-тен бастап ашық.

1953 жылдың екінші жартысына облыстық «Ленин туы» және «Ленинское знамя» газеттеріне жазылушылар қабылдана бастады

Газетшілерге байланыс Министрлігінің барлық конпорларында, бөлімшелері мен агенттіктерінде, кәсіпорындарындағы, мекемелердегі, совхоздардағы, колхоздар мен МТС-тердегі қоғамдық өкілдер арқылы жазылуға болады.

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ партия және ауылшаруашылық бөлімдері—2-36, өнеркәсіп-транспорт және

АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй, ТЕЛЕФОНДАР: редактор—1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-33, тілшілер бөлімдері—3-39, корректорлар бюросы—39, Газет баспасы—5-53, газет табыс етілмесе—1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.